

#36-37

(972-973)

1 желтоқсан

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

АЛЫС ТА ЖАҚЫН ТОГО: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ



2-БЕТ

ЕРТЕҢГІ КҮНІҢДІ ОЙЛАСАҢ, ЕСІРТКІГЕ ЕЛТІМЕ



7-9-БЕТ

ҚОБЫЗДЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ



10-БЕТ

Қазақстанда
30 ЖЫЛ



Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде.

Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

the
human
energy
company®



▼ BRENT \$82.56

▼ USD 460 T

▼ EUR 503,5 T

▼ RUB 5,01 T

ТОГО РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ФОР ГНАССИНГБЕНИҢ ЕЛІМІЗГЕ САПАРЫ ТАРИХИ МАҢЫЗҒА ИЕ ЖӘНЕ ЕКІ ЕЛДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН КЕҢЕЙТУГЕ ТЫҢ СЕРПІН БЕРІП, ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН АФРИКА АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ОДАН ӘРІ ДАМУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІНІ СӨЗСІЗ. ТАРИХИ КЕЗДЕСУДЕ ЕКІ ЕЛДІҢ АЛДАҒЫ УАҚИТТА АТҚАРА АЛАТЫН НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ. ЕКІЖАҚТЫ КЕЛІССӨЗДЕРДЕН КЕЙІН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МЕН ТОГО ПРЕЗИДЕНТІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ҮШІН БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ.

Мемлекет басшысы табиғи ресурстарға бай Қазақстан мен Того елдері темір, фосфат, боксит және басқа да сирек кездесетін минерал кеніштерін барлау, өндіру және игеру үшін бірлесе жұмыс істеу мүмкіндігіне ие екеніне назар аударды. «Мен Қазақстан кәсіпкерлері Тогоның тау-кен өндірісін зерттеуге дайын

АЛЫС ТА ЖАҚЫН ТОГО: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ ТҮСЕДІ




Фото: akorda.kz

Мемлекет басшысының пікірінше, Того Президентінің сапары екі ел арасындағы қатынастарды дамытуға жол ашады.

«Африка елдерімен ынтымақтастықты нығайту – Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі бағыттың бірі. Біздің мемлекеттеріміз бір-бірінен алыста жатыр. Соған қарамастан, біз Тогомен тығыз қарым-қатынас жасауға дайынбыз. Бұл елдің өзара тиімді ықпалдастық орнатуға ұмтылысын толық қолдаймыз. Келесі жылы Қазақстан мен Того арасында дипломатиялық байланыс орнағанына 10 жыл толады. Осы кезеңде достық пен өзара қолдауға негізделген ынтымақтастық нығая түсті. Қазір оны тың қарқынмен дамыта түсуге мол мүмкіндік бар. Жаңа ғана осы мәселені талқылап, маңызды

келісімдерге қол жеткіздік. Мұның бәрі саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және басқа да саладағы байланысты жандандыруға ықпал етеді», – деді Президент.

Мемлекет басшысы Того Президентімен ауыл шаруашылығы, жаңа технология, қазба байлықтарды бірлесе игеру, өндіріс және инвестиция салалары бойынша да келіссөз жүргізгенін айтты: «Екі ел үкіметтеріне тауар айналымын арттыру үшін нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма беруге келістік. Әсіресе, Қазақстанның Тогоға дәнді дақылды экспорттау мүмкіндігі зор екеніне назар аудардық. Еліміздің бастамасымен Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымы құрылғанын білесіздер. Мен Тогоны осы ұйымға мүше болуға, оның әлеуетін пайдалануға шақырдым».

екенін атап өттім. Екі елдің көлік-логистика саласындағы әріптестігі жан-жақты талқыланды. Қазақстанға Ломе портының әлеуетін қарастыру бойынша ұсыныс айтылды. Бұл теңіз айлағы қызмет ауқымы бойынша Батыс Африкада екінші орын алады. Біз өзара тиімді әріптестікті дамытуға барынша күш салуымыз керек. Сондықтан Того кәсіпкерлерін келесі жылы өтетін Астана халықаралық форумына қатысуға шақырдым. Олар форумда Қазақстанның экономикалық әлеуетімен таныса алады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Фор Гнассингбе Тогоның Қазақстанмен ынтымақтастық орнатуға ерекше көңіл бөліп отырғанын және стратегиялық серіктестікті өңіраралық қана емес, құрлық деңгейінде де дамытуға мүдделі екенін атап өтті.

«300 миллионнан астам халқы бар Батыс Африка елдерімен тауар айналымын жолға қойған Того қазақстандық инвесторлардың қызығушылығын туғызады деп ойлаймын. Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастығымыз дамып келе жатқаны қуантады. Бүгінде сіздің елдің Тогоға астық жеткізу мүмкіндігі мол. Қазақстан цифрландыру саласында айтарлықтай жетістікке жетіп отыр. Біз де өз елімізде цифрландыру жобаларын іске асырып, осы бағыттағы ынтымақтастықты жолға қоюға ниеттіміз. Бұл тұрғыдан сіздерден үйренеріміз көп», – деді Того Президенті.

АЛМАТЫ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖАЗДА БОЛҒАН АҚКЕНТТЕГІ ӨРТТІ ЕНДІ ҰМЫТА БАСТАҒАНДА ҚАРАШАНЫҢ АЯҒЫН АЛА ҚАЛАНЫҢ ҚАҚ ОРТАСЫНДАҒЫ ХОСТЕЛДЕ ӨРТ ШЫҚТЫ. ТАҒҒА ЖУЫҚ ТАП БЕРГЕН ҚЫЗЫЛ ЖАЛЫН ШЫРТ ҰЙҚЫДА ЖАТҚАН 13 ЖАСТЫҢ ӨМІРІН ЖАЛМАДЫ.

Таң атпай өрт болған ғимараттың жанына жиналған тілші қауым Алматының әкімі Ерболат Досаевтан да, қалалық ТЖ департаментінің басшысы Нұрлан Атығаевтан да «жауап» алып үлгерді. Біреуге жан қайғы болып жатқанда, кейбір әріптестер «мерт болған кімдер, терісіне қарап қай ұлт екенін білуге болмай ма» деген сауал қойып әлек. Бұған осы хостелде Пәкістан мен Үндістан азаматтары тұрған деген ақпарат түрткі болса керек.

Астанада төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов келіп жеткеннен кейін БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізді.



Фото: zakon.kz

ХОСТЕЛДЕГІ ӨРТ. САЛҒЫРТТЫҚТАН САБАҚ АЛМАДЫҚ ПА?

Министрдің айтуынша, өрт жертөлениң тар дәлізінен шыққан. «Ғимараттың жертөлесі мен бірінші қабаты хостелге айналдырылған. Жертөледе бір-бірінің үстіне жиналған көп ортопедиялық матрас өртті сөндіруді қиындатты. Жертөледе болғандардың сыртқа шығуына да, өрт сөндірушілерге де сол кедергі келтірді. Матрастар бықып жанып, құтқарушылар келгенге дейін түтін жиналып қалған. Олар қысқа мерзімде өртті оқшаулап, толық сөндірді», – деді С.Шәріпханов.

Бұл хостелдің ашылып, жұмыс істей бастағанына небәрі бір жарым ай өтіпті. Қожайыны рұқсат алмаған. Ал біздегі заң бойынша жертөледе жатақхана, қонақ үй, хостел ашуға тыйым

салынған. «Соған қарамастан, Halyk bank бұғатталған үй-жайды жалға алушының мұқтаждығына берген. Хостелде тұратын студенттер университет әкімшілігіне жатақханаға мұқтаж екенін және осы хостелге орналасатындарын хабардар етпеген, яғни әкімдікте де, басқа мемлекеттік органдар да оның ішінде төтенше жағдайлар департаменті де бұл хостелдің бар екені туралы білмеген», – деді министр. Мұны ол мораторийге байланысты құзырлы органдар шағын кәсіпкерлік нысандарын тексеруге мүмкіндігі жоқ екендігімен түсіндірді. Бұған біз ақпарат құралы ретінде салық органдары және басқа да құзырлы мекемелердің шағын және орта бизнеске заңсыз тексеру жүргізе

беретіні жөнінде уәж айтар едік. Оған дәл осы тақырыпқа ай құрғатпай бірнеше ақпарат жарық көретіні дәлел.

Қазір Алматыда қанша хостелдің бар екені туралы нақты мәлімет жоқ. Еске түсірсек, күзге қарай студенттерді жатақханамен толық қамти алмайтын болғандықтан, оқу орындары хостелдермен меморандумға отыратыны жария етілген. Оның қалай жүзеге асқаны, қанша студенттің хостелде тұрып жатқаны туралы да дерек көзге шалынбады. Жалға берілетін пәтер бағасының қалта көтермейтіні, жатақхана жетіспеушілігі арзан хостелдің көптеп ашылуына түрткі болғандай. Әйтсе де, бәрі бірдей заңға сай, қауіпсіздік шараларын сақтап жұмыс істеп жатыр ма? Қазір маңайындағы хостелдерден запыс болған қала тұрғындары «енді жаппай тексеретін шығар, енді мына пәледен құтылармыз» деп алақанын ысқылап отыр.

Ертең болмаса да, жуық арада бүкіл елдегі хостел атаулыны тексеру басталатыны анық. Бірақ сондай шешімге жеткізу үшін 13 жастың құрбан болғаны өкінішті.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА БЫЛТЫРҒЫ «ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗАНЫ ҚАТАЙТУДЫ ТАПСЫРҒАН БОЛАТЫН. «ОТБАСЫЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА КӨЗ ЖҰМА ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ. ОТБАСЫНДА ОЙРАН САЛАТЫНДАР ЖАЗАҒА ТАРТЫЛМАСА, ОЛАР ОДАН БЕТЕР БАСЫНЫП КЕТЕДІ. АЛ ЖАПА ШЕККЕНДЕР МҮЛДЕМ ҚОРҒАУСЫЗ ҚАЛАДЫ. МҮНДАЙ ӘРЕКЕТТЕР ҮШІН ЖАЗАНЫ КҮШЕЙТЕТІН КЕЗ КЕЛДІ ДЕП САНАЙМЫН. ЗАРДАП ШЕККЕН ЖАНДАР ЕЛДІҢ СӨЗІНЕН НЕМЕСЕ БІРЕУДІҢ ҚЫСЫМ ЖАСАУЫНАН ҚОРЫҚПАУЫ ҚАЖЕТ. СОНДЫҚТАН, ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ОЛАРМЕН ӨТЕ МҰҚИЯТ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІП, ТИІСТІ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУЫ КЕРЕК», – ДЕГЕН БОЛАТЫН. ОСЫ ОРАЙДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА САЛАЛАРДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСТЫҒЫ, ПОЛИЦИЯ ПОЛКОВНИГІ АЙДЫН ҚАБДҰЛДИНОВТІ ӘНГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

– Айдын Тоқтарұлы, соңғы кезде қоғамда отбасылық зорлық-зомбылық ушығып тұр. Тіпті жоғары лауазымды, шенді-шекпенді тұлғалардың да шаңырағында ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайтыны белгілі болып отыр. Бұл ретте Солтүстік Қазақстан



Айдын ҚАБДҰЛДИНОВ: ҚОҒАМДАҒЫ ҚАУІПТІ КЕСЕЛМЕН ҮЗДІКСІЗ КҮРЕС ЖҮРГІЗЕМІЗ

облысындағы жағдайға қандай баға берер едіңіз?

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды», – деген болатын. Осыған байланысты айтарым – бұл

ұсыныстың дұрыс екеніне менің еш күмәнім жоқ. Әрине, мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес екені, тергеп-тексеру қиынға соғатыны да айтылды. Ол рас. Дегенмен, өз үйінде әлсіз жандарға жұдырық ала жүгіретін жандарға төзіммен қарауға еш болмайды.

Бір атап өтерлігі, Солтүстік Қазақстан облысында соңғы он айдың ішінде отбасы-тұрмыстық қарым-қатынас саласындағы

қылмыстардың 23,3 пайызға азайғаны қуантады. Былтырғы жылдың сәйкес кезеңінде осындай 43 құқық бұзушылық орын алса, биыл – 33. Бұл да болса көңіл көншітпей қоймайды.

Дегенмен тоқмейілсуге болмайды. Биыл орын алған қылмыстардың арасында адам өлімі де бар. Отбасылық дау-жанжал барысында 6 адамның өмірі қиылғаны еш ақылға сыймайды. Бұған қоса, 25-тен астам адамның денсаулығына зиян келтірілгені өкінішті-ақ.

– Осындай келеңсіздіктің алдын алу мақсатында тәртіп сақшылары тарапынан қандай шара қолданылуда?

– Өңірдің тәртіп сақшылары қол қусырып отырған жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында екі мыңға жуық тәртіп бұзушы «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің» 73-бабы бойынша жауапкершілікке тартылды. Отбасының шырқын бұзған екі мыңнан астам адамға қатысты қорғау ұйғарымы шығарылды. Соған қарамастан айылын жия қоймайтын «сабаздар» да бар. Қорғау ұйғарымын бұзған 132 бұзақы заң алдында жауап берді.

Тұрмыс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша құқық бұзушылардың мінез-құлқына сот арқылы 600-ден астам ерекше талап белгіленді. Қоғамдық тәртіпті бұзушыларды есепке қою бойынша жұмыстар күшейтіле түскенін де атап өткен жөн. Сандарды сөйлетсек, ондайлардың саны төрт жарым мыңнан астам. Олардың арасында бұрын сотталған 400 шақты адам бар. Ойнақтап жүріп от басқандар темір тордың арғы жағында да сабақ алмайтыны өкінішті. Мәселен, биыл есепте тұрған 58 адамға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешімнің күшін жою туралы ұсыным жіберіліп, 38-і қолдау тапты. Оған – белгіленген шектеулерді жүйелі түрде бұзғаны себеп.

– Energyprom.kz сайтының қыркүйектегі мәліметі бойынша, биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында елімізде алкогольдік ішімдік тұтыну көрсеткіші артып, қазақстандықтардың ащы суға жұмсайтын орташа шығыны өсіпті. Соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарымен бірге «ең

ішкіш» өңірдің бірі ретінде аталған. Республика бойынша «тентек суға» орташа есеппен бір жарым миллион теңге жұмсалса, біздің жерлестеріміз 3 миллион 100 мың теңге шығындайды екен. Қылмыстардың көбі мастықпен жасалатыны белгілі. Ендеше бұл жәйт облыстағы криминогендік жағдайға қалайша әсер етті?

– Мұндай деректерге қарамастан, биылғы жылдың он айында облыста мас күйде жасалған қылмыстар біршама азайды. Былтырғы жылдың сәйкес кезеңінде мұндай 477 қылмыс тіркелсе, биыл – 448. Ендеше 6,1 пайызға азайғаны байқалады.

Дегенмен бұл – алкогольге қатысты қылмыс жоқ деген сөз емес, әрине. Биыл алкоголь заңнамасын бұзушылықтың 10 мың дерегі, ішімдікті заңсыз сатудың 146, алкоголь өнімін сату талаптарын бұзудың 82 жағдайы тіркелді. Барлық фактілер бойынша алкоголь сату лицензиясы тоқтатылды. Шамамен 8 мың литр ішімдік заңсыз айналымнан алынды.

Ащы суға әуес 500-ден астам адам маскүнем ретінде есепке алынды. 190-нан астамы

мәжбүрлеп емдеуге жөнелтілді, тағы 52-сінің құжаттары жинастырылуда. Өкінішке қарай, облыстық наркологиялық орталықта бос жатын орындардың жетіспеушілігіне байланысты әзірге 16-сы ғана мәжбүрлі түрде ем қабылдауда.



(Жалғасы 6-бетте)

Бұл жерде темекі шегуге қарсы іс-қимыл туралы да айта кеткенді жөн көрдім. Өздеріңіз білесіздер, қоғамдық орындарда шылым тартуға тыйым салынған. Соған қарамастан осы талапты бұзған 400-ден астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Жасы кәмелетке толмағандар арасында темекі шегудің және ішімдік тұтынудың алдын

– Иә, қазіргі ахуал өте күрделі. Президент былтырғы Жолдауында соңғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқанына тоқталғаны бекерден-бекер емес. Мемлекет басшысы синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күресті жалпыұлттық деңгейде жүргізу туралы тапсырма берді. Біз де осы бағыттағы жұмысты күшейттік.

бері құрыққа түспей жүрген болатын. Тінту нәтижесінде одан 199,35 грамм синтетикалық есірткі тәркіленді. Есірткінің тағы бір ірі партиясы – 313 кг Аққайың ауданына қарасты Астраханка ауылының маңында тоқтатылған көліктен тәркіленді. Бұл да сыбайлас екі азаматтың бірлескен «кәсібі» екен. Солтүстік Қазақстан облысының аумағында

ҚОҒАМДАҒЫ ҚАУІПТІ КЕСЕЛМЕН ҮЗДІКСІЗ КҮРЕС ЖҮРГІЗЕМІЗ



өсімдік тектес есірткі таратумен айналысқан 8 адамнан тұратын қылмыстық топ ұсталғаны да біз үшін жақсы нәтиже.

Нашақорлықты насихаттайтын сайттарға шектеу қою жұмысы үздіксіз жүргізіледі. Биыл сондай 363 сайт бұғатталды. Ұялы телефон қазір өміріміздің

алу мақсатында білім беру мекемелерінде, яғни мектептер мен колледждерде денсаулық сақтау органдарымен бірлескен іс-қимыл жолға қойылған. Биылғы он айдың ішінде ювеналды полиция қызметкерлері осы тақырыпта екі мыңнан астам іс-шара өткізді.

– Есірткі қылмысына қарсы іс-қимылға да тоқтала кетсеңіз? Соның ішінде синтетикалық есірткі ұлт саулығына зор қауіп төндіріп тұрғанын Президент те айтқан болатын.

Өкінішке қарай, есірткі құқық бұзушылықтарының саны 14 пайызға артқаны байқалады. Соның ішінде есірткі сату да, сақтау да, контрабанда да, есірткіні насихаттау да, өсіру де бар. Биыл 735 килограмнан астам әр түрлі есірткі заты заңсыз айналымнан алынды.

Биылғы жетістігіміздің бірі – астаналық әріптестерімізбен бірлесіп, жедел іс-шара барысында ірі есірткі арнасының жолын кестік. Астана қаласынан Петропавлға «синтетика» тасымалдаумен айналысқан азамат көптен

ажырамас бөлігіне айналғандықтан, әлеуметтік желілерде жүргізіліп жатқан жұмыс – бір төбе. Қорыта айтсақ, қоғамдағы қауіпті кеселмен күрес үздіксіз жүргізіледі.

Жалпы біздің мойнымызға жүктелген жауапкершілік пен алдымызға қойылған міндеттерді абыроймен атқару жолында аянбай еңбек етудеміз деп сеніммен айта аламын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Роза ШӘКЕНОВА,
Солтүстік Қазақстан облысы

Зиянды әдетке қарсы күрес

АЛМАС АЛҒАШ МӘРТЕ 26 ЖАСЫНДА ЕСІРТКІНІҢ ДӘМІН ТАТТЫ. ДОСТАРЫ ҮГІТТЕП, ЕРМЕК ҮШІН БІР РЕТ КӨРЕЙІНШІ ДЕП... ӘРІ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТА МАЗА БЕРМЕГЕН. БІРАҚ ОЛ СОЛ КҮНІ ЕСІРТКІНІҢ ЕСІНЕН АЙЫРЫП, СОҒАН ТӘУЕЛДІ БОЛЫП, ҚҰМАРЛЫҚТЫҢ ҚҰЛЫНА АЙНАЛЫП, ӨМІРІНІҢ ТАС-ТАЛҚАНЫ ШЫҒАТЫНЫН ОЛ ОЙЛАМАҒАН ЕДІ.

жанымда қолдайтын, қорған болатын отбасым бар. Менің енді осы өмірімді өзгерткім келмейді. Нашақорлықпен күресті тоқтатпаймын», – дейді ол.

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық

ЕРТЕҢГІ КҮНІНДІ ОЙЛАСАҢ, ЕСІРТКІГЕ ЕЛТІМЕ



Содан 23 жыл есірткінің құрсауынна шыға алмады. Жақын адамдарынан, достарынан айрылды. Абырой мен беделден жұрдай болды. Жұмыссыз. Бір түйір улы ұнтақты тату үшін тиын-тебен іздеп, ұрлық жасап, әке-шешесін жерге қаратты. Қартайғанда қариялар Алладан тілеп алған жалғыз баласын құрдымға жіберген кеселмен алысты. Ақырында ата-ананың жүрегі тоқтап, кенеттен қайтыс болды.

«49 жастамын. Өзімді жер бетінде тозақта жүрген адамға теңеймін. Мені ағайындарым, туыстарым әлдеқашан ұмытқан. Қазіргі жүзімді көрсе, танымайтын шығар. Сүйікті кәсібіммен еңбек ету мүмкіндігінен айрылдым. Әр жұмыстың басын

шалып, ақырында жалғыз қалдым. Туыстарым наркологиялық орталықтарды шарлап, мәжбүрлі түрде емдеуге тырысты. Бес мәрте оңалту орталығы, жекеменшік клиникаларда емделдім. Емшілерді аралап, мені бұл кесапаттан құтқаруға бар күш, қаржысын жұмсады. Өкінішке қарай, санамды, ойымды билеген тәуелділіктің құрығы ұзын. Нашақорлық әзәзіл сияқты. Үмітімді ұрлады. Дәрменсіз едім. Онымен күресуге бәрібір бел будым. Қазір «Асар» орталығында өзім сияқты тәуелділіктің зардабын тартып, тіршіліктен түңілген науқастарға кеңес беремін. Өмірден түңілмеу, есірткіге тәуелділіктен арылуға мүмкіндік бар. Үйлендім. Он бес жыл көрмеген, сөйлеспеген ұлыммен қауыштым. Қазір

орталығы – Алмас сияқты есірткінің тұзағынан құтылуға ұмтылған науқастарға үміт сыйлайтын мекен. Осы орталықтың Павлодардағы бөлімшесінде есірткіге, ішімдікке және құмар ойынға тәуелді науқастар емделеді. Жалпы қазіргі таңда елімізде 108 мың адам есірткіге тәуелді. Бірақ мамандар науқастардың саны бұдан көп болуы мүмкін деген пікірде. Себебі көп адам ұлының, қызының, күйеуінің немесе басқа жақындарының нашақор екенін жасырып, көбінесе жекеменшік клиникалардың көмегіне жүгінуі мүмкін.

Республикалық орталықтың Павлодардағы бөлімшесінің аға дәрігері Шайзат Тілеубаеваның айтуынша, нашақорлық – есірткі және басқа да психотропты заттарға

Зиянды әдетке қарсы күрес

тәуелділіктен туындаған созылмалы ауру. Осыларға елтіген адамның ағзасы өзгеріске ұшырайды. «Миы, психикасы тежеліп, күш-қуаты кеміп, мезгілсіз өлімге әкелетін дерт», – дейді маман.

Шайзат ТІЛЕУБАЕВА,

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталықтың Павлодардағы бөлімшесінің аға дәрігері:



«Біздің орталық үш кезеңдік оңалту бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Бірінші кезеңде науқастардың физикалық, соматикалық жағдайын түзету мақсатында дәрі-дәрмекпен көмек көрсетіледі. Екінші кезеңде психотерапевтер мен психологтар топпен және жеке науқастармен осы орталыққа келу мақсаты және мазалаған сұрақтарына қатысты мәселелерді зерттейді. Үшіншісі – «Асар» бөлімшесі. Мұнда көбінесе емделушілердің әлеуметтік мәселелері шешіліп, әрі қарай оңалту бағдарламасын жалғастырады. Бұл бағдарлама бойынша науқастар бір айдан бір жарым жылға дейін емделеді. Жыл сайын «Асар» бөлімшесінің туған күнін атап өту дәстүрге айналған. Осы күні біздің орталықта емделіп, есірткі, алкоголь өнімдерінен бас тартқан және тәуелділікті жеңген

бұрынғы емделушілер келіп, басынан өткен қиыншылықтар, қазіргі өмірі жайлы сыр шертіп, тәжірибесімен бөліседі».

Есірткіге елтіген адамның алғашқы белгісін оның жарыққа реакциясынан байқауға болады.

«Әдетте көз қарашығы жарыққа кішірейіп, қараңғы кезде кеңеюі керек. Тағы бір белгісі – тері түсінің

ЕРТЕҢГІ КҮНІҢДІ

өзгеруі. Терісі бозарып, қатты немесе сұрғылт тартуы мүмкін. Масайған жағдайда себепсіз тежелуі, қозуы, маужырауы да нашарлық дертіне шалдыққан адамның әдеті. Тағы бір ерекшелігі бір иіс сезіліп тұрады. Денесінен дәрілердің немесе спирттің иісі шығуы мүмкін. Иненің іздері, гематомалардың пайда болуы, иммунитеттің төмендеуіне байланысты жиі тұмаурату, жөтелу, ұйқысыздық мазалайды. Бұған қоса, психикалық өзгерістер пайда болады: енжарлық, ашуланшақ, себепсіз қозып, көңіл-күйінің тұрақсыз, тұйықталып, өтірік айтуға бейім тұрады, өзінің бұрынғы қызығушылықтарын жоғалтады. Үнемі шаршап жүреді, тазалыққа мән бермейді. Оның айналасындағы адамдар да өзгереді. Нашарлық бұл ұзақ уақытты емдеуді талап етеді», – дейді Шайзат Тілеубаева.

Биыл алып шаһарда есірткіге қарсы күрес кезінде 522 қылмыс анықталып, сатуды көздеген 172 күдіктінің қолына кісен салыныпты. Сонымен бірге тәртіп сақшылары 73 тонна прекурсорларды тәркіледі. Алматы қаласы полиция департаментінің есептеуінше, осы мөлшердегі химиялық элемент 8 миллион синтетикалық есірткінің

дозасын жасауға жетеді екен. Оның көзі жойылды. Жыл басынан бері он төрт синтетикалық есірткі жасайтын зертхананың есігіне құлып салынды.

Жария етілген ақпараттарда барлық есірткі зертханалары жалдамалы үйлерде, пәтерлерде орналасқаны айтылады. Ең қауіптісі, есірткінің ағзаға зияны мен уланудан басқа, ажал құштыратын антисанитариялық жағдайда, түрлі

бактерияларға толы өте лас жерде жасалатыны.

Арыстанғани ЗАППАРОВ,

Алматы қаласы полиция департаментінің бастығы:



«Наурызбай ауданында 20-23 жас аралығындағы алты жас жігіт, кәдімгі жалдамалы үйде есірткі зертханасын ұйымдастырған. Үйді тінту кезінде химиялық реактивтер, синтетикалық есірткі заттарын дайындауға арналған түрлі компоненттер, сондай-ақ сатуға дайын «a-PvP» синтетикалық есірткі заттары (альфа-пирро-лидино-пентио) тәркіленді -фенон) 4 килодан жоғары, мефедрон – 300 г және 15 литр «тулуола» (прекурсор). Бұл тауардың бағасы сату кезінде

Зиянды әдетке қарсы күрес

150 млн теңгені құрауы мүмкін. Электрондық төлемдерді пайдалана отырып, интернет арқылы байланыссыз әдіспен синтетикалық препараттардың таралуы өзекті мәселелердің бірі десек болады.

Қала аумағында 71 «закладчик» ұсталды. Олардың барлығы есірткі заттарын өткізгені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды және сот бас бостандығынан айыру кезінде

бекітілді. Осы жоба аясында бірнеше мемлекеттік мекемелердің өкілдері есірткіге қарсы жұмылып күрес жүргізуде. Қазіргі уақытта жастар арасында нашақорлықтың зияны мен оны таратқан, сатқан және тұтынған адамның қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны жайлы жиындар өткізіп, түрлі сала мамандары кездесулер ұйымдастыруда.

интернеттегі жағдайды бақылауды жалғастырамыз және сайттарды қайта ашуға мүмкіндік бермейміз», – дейді Алматының бас тәртіп сақшысы Арыстанғани Заппаров.

Елімізде есірткіге тәуелділіктен құтылу үшін емделу тегін. Облыс орталықтарында, қалаларда психикалық денсаулық орталықтары тұрғындарға ақысыз және тегін медициналық, психологиялық

ОЙЛАСАҢ, ЕСІРТКІГЕ ЕЛТІМЕ



ең жоғары мерзім тағайындап, өте ауыр үкім шығарды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 297-бабының 4-бөлігіне сәйкес, білім беру ұйымдарында есірткі заттарын өткізгені үшін, не кәмелет жасқа толмаған адамға сатқаны үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру көзделген. «Ертеңгі күніңді ойласаң, бесігіңді түзе» деген нақылға сүйеніп, еліміздің болашағы – жастардың өміріне қауіп тудыратын есірткі қылмыстарына қарсы жұмыс тоқтамайды».

Айта кетейік, елімізде нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023=2025 жылға арналған кешенді жоспары

«Мен барлық азаматтарға, еріктілерге, танымал адамдарға, спортшыларға, мәдениет қайраткерлеріне және басқа да қоғамдық пікір көшбасшыларын белсенді азаматтық ұстанымы бар азаматтардың есірткі тарату туралы ақпаратты қамтитын 6 мыңнан астам граффити-жазуларын тауып, белгі қоюшыларды әшкерелеуге, бояуға көмектескендеріне ерекше алғыс айтамын. Есірткіні таратумен және жарнамалаумен айналысатын 380 интернет-сайт анықталды. Бұл сайттардың кәмелетке толмағандар арасында танымал болғаны алаңдатады. Біздің бастамамыз бойынша олардың барлығы бұғатталды. Біз

көмек көрсетеді. Бұған қоса, барлық медициналық мекемелерде науқас туралы деректер, мәліметтер құпия сақталады. Сондықтан өмірін өзгертіп, қоғамның бір кірпіші болып қалануға үмітті, бұл дерттен емделуге ниетті жандардың мүмкіндігі бар. Тек нашақорлықтың денсаулыққа, адамның өміріне және жалпы өзінің отбасына әкелетін орасан зор шығыны, қасіреті мен шексіз зиянын түсініп, бұл қиыншылықты жеңуге бел буатын шешімді ертерек қабылдауға бел буыңыз. Әр адам өз өмірі өзінің қолында екенін ұмытпағаны абзал.

Жазира БЕГАЛЫ,
журналист

БІЛІМ МЕН ӨНЕР ТӘЛІМ-ТӘРБИЕСІ ТӘНТІ ЕТКЕН («ҚЫЛЫШЫНАН ҚАН ТАМЫЗҒАНЫ» ӘСІРЕ САЯСАТТАШЫҒАР) СОВЕТТІК КЕЗЕҢДЕ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКА ЖӘНЕ ОНЫҢ АСПАПТАРЫ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ ТАНЫЛЫП, БАҒАЛАНҒАНЫНА МЫСАЛ КӨП. ОСЫ САЛАДА ЕДӘУІР ЖЕТІСТІКKE ЖЕТКЕН ТҰЛҒАЛАР ДА АЗ ЕМЕС.

Мәселен, ұлт-аспаптар оркестрлерін құру, жұмысын жүргізу, мамандар даярлау жоқтан бар болды, бардан дамытылды. Әрине, жекелеген салада түрлі себеппен қилы бағыт қанатын жайып, құлашын кеңге сала алмады. Жоғары білімді кәсіби мамандардың тапшылығы, ұлттық



Берлин – фестиваль

театрында А.Жұбановтың қобызға арнаған «Көктем вальсін» орындап, лауреат атанды.

ҚОБЫЗДЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

сапалы аспаптардың жетіспеушілігі, оқыту әдістерінің кемшілігі, шетелге гастрольдің шектеулігі ұлы өнеріміздің өрісіне тұсау болды.

Соған қарамастан тума талант, өз ісіне берілген азаматтардың бастамасы, еңбегі орасан. Сондай тұлғаның бірегейі – қазіргі Түркістан облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келген қобызшы Фатима Балғаева (1926 – 2005). Оның есімі өнер тарихында алтын әріппен жазылуы тиіс. Ол – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы тұңғыш түлектерінің бірі, қобыз аспабы кәсіби орындаушылары ішінде көрнектісі, музыка зерттеушісі.

Фатима Жұмағұлқызы қазақ және Еуропа композиторлары шығармаларын ұлттық аспапта орындап, қобыз үнін әлемге таратты. Берлинде, Бухаресте өткен Дүниежүзілік жастар мен студенттер фестивальдерінде, Мәскеудің Үлкен

1980 жылы консерваторияда халық аспаптар факультеті құрылып, оның құрамында қобыз және баян кафедрасы ашылады.

Қазақ КСР Халық артисі Ф. Балғаева осы кафедраның негізін қалады. Кәсіби қобызшы кафедра меңгерушісі ретінде маман сапасын арттырып, жаңа оқу бағдарламалары мен ғылыми-әдістемелерді аса ыждағатпен жетілдіреді.

Шын мәнінде, бұл өнерді жандандырып жүйелеудің, ұрпаққа аманаттаудың теңдессіз еңбегі еді. Ол баға жетпес шығармашылық дәстүрді сақтаудың өрелі жолын көрсетті. Ұлт аспаптарының қыл қобыз, прима қобыз, алыт қобыз, бас қобыз сияқты түрі мен үлгісінде орындаушылық дәстүрді қалыптастырып, жетілдіруге ғұмырын арнады.

Жүздеген шәкірт тәрбиелеп шығарды. Атақты Жаппас

Қаламбаевты ұстаз тұтқан қобызшы Фатима Балғаеваны еліміздегі академиялық қобыз мектебінің мектебінің негізін қалады деп дерекпен айта аламыз.

Сондықтан, қобызды қызғыштай қорып, ғылыми, практикалық жағынан дамытқан қазақ қызының есімін еліміздегі өнер оқу орындарының біріне, туған жеріндегі балалар өнер мектебіне беру қисынды деп ойлаймыз.

Жалпы, сонау ықылым заманда өмір сүрген Қорқыт бабамыздан бастап кейінгі Ықылас, Сүгір, Молықбай сынды тұлғалар мен

кеңестік белгілі күйші-композиторларға дейін халықтың асыл мұрасын бүгінге жеткізген қасиетті аспап – қазақтың қара қобызы екені рас. Олай болса,



қазіргі тәуелсіз еліміз қасиетті домбыраны қалай дәріптеп қадірлесе, сарыны – тарих, үні – қат-қабат дәстүр қобызды да солай бағалауы қажет. Бұл – елдіктің парызы, өнерді қастерлеудің жөні деп санаймыз.



ДАРХАН МЫҢБАЙ,

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

25 ҚАРАШАДА АТЫРАУДА «ABAY GYLYM FEST» АУҚЫМДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ҒЫЛЫМ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ. КҮНІ БОЙЫ АБАЙ ОРТАЛЫҒЫНДА (ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ) БІЛІМ БЕРУДЕГІ STEAM ТӘСІЛДЕРІ САЛАСЫНДА ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ДӘРІСТЕР, ИНТЕРАКТИВТІ СЕССИЯЛАР, ВОРКШОПТАР ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ЖОБАЛАРЫНЫҢ КӨРМЕЛЕРІ ӨТКІЗІЛДІ. ІС-ШАРА «JASSPACE: АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАСТАРДЫ ДАМУ БАСТАМАСЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. АТАЛҒАН ЖОБАНЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕУРАЗИЯ ҚОРЫ «ШЕВРОН» КОМПАНИЯСЫМЕН СЕРІКТЕСТІКТЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ.

Фестивальде түрлі мақсатты аудиторияларға, яғни ата-аналар мен мектеп оқушылары, жасөспірімдер мен түлектер, STEAM саласына қызығушылық танытып жүрген тәлімгерлер білім беру саласының мамандарына арналған 10 танымдық секция жұмыс істеді. Ерекше атап өтерлігі, фестивальға қатысушылар «Integrity» қорының кәсіптік бағдарлау тестілерінен өтіп, «ITeachMe» ҚҚ-нан «Инклюзиядағы STEAM» саласы туралы біліп, YEMAA көпсалалы мәдениет орталығы ұйымдастырған көрмені тамашалау мүмкіндігіне ие болды.

Лейла АЙТМҰХАНОВА,

«Шеврон» компанияларының әлеуметтік инвестициялар жөніндегі кеңесшісі:

«Біз қаланың ынталы және шығармашылық тұрғындарының қауымдастығын қалыптастыру мүмкіндігіне үлес қосып отырғанымызды мақтан тұтамыз. Абай орталығы екі жыл ішінде STEAM инновациялық бағдарламаларының орталығына, эксперименттер, идеялар мен батыл жаңалықтардың алаңына айналды. Abay Gylym Fest фестиваліне қатысушыларымыздың арасында болашақ талантты ғалымдар, музыканттар, мемлекет қайраткерлері мен мұғалімдер бар



екеніне сенімдімін. Білім, ғылым және шығармашылық мерекесі Атырау өмірінің тұрақты бөлігіне айналады деп сенеміз».

Фестиваль аясында «KazRobotics» федерациясының ұйымдастыруымен оқушылар, студент жастар және педагогтарға арналған жарыстар өтті.

Сонымен қатар, іс-шара қонақтары JasSpace Students STEAM

ток жұлдызы Ұлан Үсенов, Пифагор мектебінің негізін қалаушы және халықаралық математиктердің жаттықтырушысы Асан Жолдасов және тағы басқа көрнекті спикерлер арнайы дәрістер оқыды. Спикерлердің толық бағдарламасын фестивальдің веб-сайтынан көруге болады.

«Біз ABAY GYLYM FEST «JasSpace» жобасының жарқын және қорытынды іс-шарасына айналғанына қуаныштымыз. Жобамыздың аясында 2,5 мыңнан астам жасөспірім 16 STEAM бағдарламасы аясында тегін курстарда оқып шықты, ал 4,5 мыңға жуық оқушы шеберлік сабақтарына, жазғы қарқынды курстарға, түрлі байқауларға қатысты. Біз жергілікті

«ABAY GYLYM FEST» — АУҚЫМДЫ ҒЫЛЫМ ФЕСТИВАЛІ



Project Challenge және JASSPACE Educators STEAM Project Challenge бағдарламалары шеңберінде жоғары сынып оқушылары мен педагогтардың инновациялық жобаларымен таныса алды. Фестиваль аясында оқушылар 40-тан астам жобаны келушілер назарына ұсынды, олардың ішінде 20-дан астам жоба JasSpace зертханасы аясында жасалды. Мысалы, тренер Әсел Ондашованың жетекшілігімен «Химия» курсының оқушылары тез және зиянсыз ыдырайтын қайта пайдалануға болатын бахилдарды ұсынды.

ABAY GYLYM FEST фестиваліне келушілер білім беру саласындағы тәжірибелі сарапшылармен және пікір көшбасшыларымен кездесе алды. «Дәстүр» фильмінің режиссері Қуаныш Бейсек, қазақстандық Тик-



«JasSpace» командасының күш-жігері бүкіл Атырау облысының білім беру саласын жетілдіре түсуге үлкен серпін береді деп сенеміз», – деді Орталық Азияның Еуразия қоры жоба менеджері Салтанат Ноғайбаланова.

Еске сала кетейік, «JasSpace» бағдарламасы Атырау облысының әкімдігі, «Шеврон» компаниясы, Атырау облысының білім беру басқармасы және Орталық Азияның Еуразия Қоры арасында қол қойылған меморандум негізінде жүзеге асырылуда. Бір жарым жыл ішінде JasSpace базасында 20 жергілікті қызметкерден тұратын команда құрылып, оқыту курстарынан өтті, 7-11 сынып оқушыларына арналған 16 білім беру бағдарламасы әзірленді.

Талап ТІЛЕГЕН



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР ӨЗ БИЗНЕСІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ГРАНТ ИЕГЕРЛЕРІ АТАНДЫ. ОЛАР ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ АКАДЕМИЯСЫНДА (AWE) ОҚЫП, ӨЗ ЖОБАЛАРЫН СӘТТІ ҚОРҒАДЫ.

АЛМАТЫДА ӨТКІЗІЛГЕН БАҒДАРЛАМАНЫҢ (AWE) ЖАБЫЛУ РӘСІМІНДЕ ТҮЛЕКТЕР МАРАПАТТАЛЫП, МИЛЛИОН ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕГІ ГРАНТТАР ТАБЫСТАЛДЫ. АЙТА КЕТУ КЕРЕК, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫН АҚШ МЕМЛЕКЕТТІК ДЕПАРТАМЕНТІ «CHEVRON» КОМПАНИЯСЫМЕН СЕРІКТЕСТІКТЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ.

AWE — КӘСІПКЕР



Халықаралық әйелдер кәсіпкерлігі күні қарсаңында Алматы қаласындағы Әйелдер кәсіпкерлігі академиясы (AWE) жаһандық жобасын тәмамдады. Біздің елімізде сұранысқа ие халықаралық жобаға қатысушылар саны биыл 130-ға жетіпті.

Бизнесті бастау және басқару курстарына қатысқан нәзік жандарды АҚШ Мемлекеттік Білім

беру және мәдениет істері бойынша бюросының түлектермен байланыс басқармасының аға бағдарлама менеджері МэриЭнн Робинсон ханым құттықтады.

Ол өз сөзінде: «Әйелдер кәсіпкерлігі академиясы (AWE) 9 000-нан астам әйелді өз бизнесін дамыту құралдарымен қамтамасыз етіп, әлемнің 100-ге жуық еліндегі әйелдер басқаратын бизнестің кірістерінің өсуіне және жұмыс

орындарын ашуға ықпал етеді. Біз бұл күш-жігерді қолдайтынымызды мақтан тұтамыз, өйткені әйелдер өз елдері мен қауымдастықтарының экономикасына елеулі үлес қосатынын білеміз», – деді.

Академияның оқу бағдарламасының соңғы кезеңі өз ісін дайындау және қорғауға арналды. Жоба питчинг форматындағы іс-шара аясында қорғалды. Түлектер өз бизнес-идеяларын сарапшылар

тобына ұсынып, сол топтың қорытындысы бойынша 1 миллион теңге көлеміндегі грант иегерлері анықталды.

Байқау финалистерінің арасында Алматы облысынан келген Меруерт Абылқасимова ұлттық нақыштағы бұйымдарды жасап, сату бағытын

маңыздылығы мен болашағына тоқталып, бизнеске ұмтылғандарға бас жүлделерді табыс етті.

Мишель ЕРКІН, АҚШ-тың Қазақстандағы Бас консулы:
«Біз AWE-ге инвестиция салып жатырмыз. Өйткені экономиканы

сын-қатерлерді шешуде талдау жасап, инновациялық шешімдерді табатын кәсіпкерлердің, педагогтердің, әлеуметтік желілердегі беделді тұлғалар мен жаңалық жаршыларының жаңа буынының белсенді мүшесі болдыңыздар».

ӘЙЕЛДЕРГЕ ҚОЛДАУ

иеленді. Осыған ұқсас, тек жаңа жылдық ойыншықтарға негізделген идеяны Академия түлегі Жанна Нөгербек ұсынды. Кәсіпкер Райгүл Қалиева өз тағдырын тәтті тағам өндірумен байланыстырады. Қатысушылар сәукеле, басқа да ұлттық әшекей бұйымдары түріндегі желе кәмпиттерінен дәм татты. Академияның миллион теңге көлеміндегі грантына тағы бір үміткер – Римма Марат. Ол іскерлік ағаш тақталарды (бизиборд) жасауды ұйғарыпты. Осылайша Академияда кәсіпкерлік пен іскерлік дағдысын игерген жандар үйренгенін іске асыруға талпынып жатыр.

Әйелдер кәсіпкерлігі академиясының түлектеріне құрмет көрсету шарасы АҚШ-тың Қазақстандағы Бас консулы Мишель Еркіннің қатысуымен өтті. Мишель Еркін білім беру жобасының



әртараптандыру және әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту екі елді де нығайтуға септігін тигізеді деп сенеміз. AWE түлектері ретінде сіздер бүгінгі және келешек

Әйелдер кәсіпкерлігі академиясы биыл рекордтық қатысушыларды жинады. Қазақстанның түкпір-түкпірінен 130 қыз-келіншек қатысты. Бағдарлама аясында Тараз және Павлодар қалаларында аймақтық нетворкинг іс-шаралары өтті.

Әйелдер кәсіпкерлігі академиясы бағдарламасы – АҚШ Мемлекеттік департаментінің әлемнің 80-нен астам елінде жүзеге асырып жатқан жаһандық бастама. Бүгінгі күні әлемнің түкпір-түкпірінен 16 000-нан астам әйел осы бағдарламаға қатысып, бизнес құру тәжірибесімен бөлісетін, сондай-ақ іскерлік байланыстар орнататын түлектердің коммуникациялық қоғамдастығын құрды.



17 ҚАРАШАДА БҮКІЛ ӘЛЕМДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАЛА ТУЫЛҒАН БАЛАЛАР КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ. АТАУЛЫ КҮН ҚАРСАҢЫНДА «ТЕҢІЗ ЖҮРЕГІ» ЖОБАСЫНЫҢ ЕРІКТІЛЕРІ ОБЛЫСТЫҚ ПЕРИНАТАЛДЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ ШАЛА ТУҒАН НӘРЕСТЕЛЕРІНЕ ТОҚЫЛҒАН КИІМДЕР ТАБЫСТАДЫ. БҰЛ КИІМДЕР РЕФЛЕКТОРЛЫҚ ТІТІРКЕНДІРГІШ РЕТІНДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ ЖӘНЕ ДЕНЕНІҢ КӨПТЕГЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ ӘЛІ ҚАЛЫПТАСПАҒАН КІШКЕНТАЙ НӘРЕСТЕ ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ.

«Еріктілер біздің кішкентай пациенттерімізге жылы заттар дайындағанын білгенде, қатты қуандық. Реанимациядағы шақалақтар үшін бұл қажетті сыйлықтар. Шала туылған нәрестенің денесінде терморегуляция бұзылғандықтан, оған қосымша қорғаныс қажет. Барлық еріктілерге және «Теңіз жүрегі» жобасына қамқорлығы үшін алғыс айтамыз», – деді Атырау облыстық перинаталдық орталығының директоры Қазбек Ермағамбетов.

Ағымдағы жылдың басында Атырауда тоқыма тоқу клубы пайда болды, ол шала туылған нәрестелерге көмектескісі келетін мейірімді тұрғындарды біріктірді. Қатысушылардың саны осы уақытқа дейін көбейіп келеді. Қазір клубта 20-дан астам ерікті бар. Әр бейсенбі сайын жұмыстан кейін олар бірге уақыт өткізу үшін жиналады, ал жобаның шығармашылық

үйлестірушісі Гауһар Тұрарбекқызы оларға тоқу құпияларын үйретеді және кеңестерімен бөліседі.

«Біздің еріктілер – жұмыстан кейін бізге келіп, қайырымдылықпен айналысуға уақыт табатын ТШО қызметкерлері. Олар 100 пайыздық жүннен 2 килограмға дейін туылған балаларға арналған бас киімдер, шұлықтар, ойыншықтар және басқа заттарды тоқиды. Жылы заттар сәбилерге қажетті дене температурасын сақтауға

көмектеседі, ал жүн талшықтары жаңа туған нәрестеге табиғи рефлекторлық массаж болып табылады. Біздің еріктілер барлығы 83 затты дайындады: бас киімдер, шұлықтар, көрпелер, кеудеше және қолғап. Біздің волонтерлердің бұйымдары сәбилердің тез өсіп

кетіп, дендері сау болып өсуіне көмектеседі деп үміттенеміз, – деп атап өтті «Теңіз жүрегі» жобасының шығармашылық үйлестірушісі Гауһар Тұрарбекқызы.

«Мен клубқа келген кезде тоқуды білмейтінмін. Гауһардың арқасында бірнеше сабақтан кейін тоқу құралдарын сенімді ұстап, еркін тоқи бастадым. Бұл әсіресе, аналар үшін өте пайдалы дағды. Мен қазірдің өзінде балаларым үшін кейбір жылы нәрселерді енді өзім де тоқи аламын деп ойлаймын. Біздің хоббиіміз шала туылған нәрестелерді күтуге көмектесетініне өте қуаныштымын. Оларға зор денсаулық тілеймін!» – деп жоба еріктісі Асанова Нәсіпжан өз ойымен бөлісті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, тоқыма клубы «Теңізшевройл» компаниясының әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы аясында «Жүректен жүрекке» қоғамдық қоры жүзеге асыратын «Теңіз жүрегі» жобасы аясында жұмыс істейді. Осы бастама бойынша Атырау және Құлсары тұрғындары үшін апта сайын білім беру, ағарту және басқа да бағыттарда қайырымдылық іс-шаралар өткізіледі.

«ТЕҢІЗ ЖҮРЕГІ»: СӘБИГЕ ЖЫЛУ СЫЙЛАҒАН ЖОБА



Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші
Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)